

Н. КЕЛІМБЕТОВ

ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ



Н.КЕЛІМБЕТОВ

ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ

(ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ БАСТАУЛАРЫ)

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған



Алматы
АТАМҰРА 2005

Келімбетов Немат

К 29 Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары). Жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 бет.

Бұл кітап қазақ әдебиеті тарихының қайнар-бастауларымен таныстырады.

Автор сақтар мен ғұндар дәуірінде өмірге келген қаһармандық дастандардан бастап, қазақ хандығы құрылған кезеңге дейінгі ежелгі түркі әдеби жәдігерліктеріне жан-жақты талдау жасайды. Ежелгі түркі қаһармандық дастандары мен қазақтың батырлық жырлары арасындағы мазмұндық, тілдік, модельдік, стильдік ұқсастықтар туралы айта келіп, қазақтың көркем сөз өнерінде сан ғасырлар бойы бір сәтке де үзілмей келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығын сараптап көрсетеді.

Кітап жоғары оқу орындары филология факультетінің студенттеріне, қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірін зерттеуші аспиранттар мен ғылыми қызметкерлерге және көпшілік оқырман қауымға арналған.

ISBN 9965–34–292–X

К 4603020102–185
418(05) – 2005 ақпарат хат – 2005

ББК 83.3 Қаз я 73

ISBN 9965–34–292–X

© Келімбетов Н., 2005
© «Атамұра» баспасы, 2005



Еліміз егемендік алғалы бері қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірі дербес пән ретінде жоғары оқу орындарында бұрынғыдан да кең көлемде әрі тұрақты түрде оқытыла бастады. Өйткені дәуір шындығын, заман ақиқатын қалпына келтіріп жатқан ұлы бетбұрыс кезеңінде бізге көненің көзіндей болып ғасырлар қойнауынан жеткен рухани мұраларды, соның ішінде бертін келе қазақ халқын құраған ру-тайпалардың ежелгі әдеби жәдігерліктерін танып-білудің қажеттілігі ерекше артып отыр.

Бұл оқулықтың алғашқы басылымы «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» (1986 ж.) деп аталып, толықтырылған екінші басылымы «Ежелгі дәуір әдебиеті» (1991 ж.) деген атпен басылып шыққан болатын.

Міне, содан бері арада он төрт жылдай уақыт өтті. Еліміздің қоғамдық, әлеуметтік және саяси өмірінде көптеген маңызды өзгерістер болды. Солардың бірі – ежелгі рухани мұраға деген көзқарас өзгерді. Атап айтқанда, ежелгі түркі әдеби жәдігерліктері жан-жақты зерттеле бастады. Бұл салада ғылыми тұрғыдан аса құнды монографиялық зерттеулер өмірге келді. Бізге сақтар, ғұндар және «көк түріктер» заманынан жеткен әдеби жәдігерліктер тарихи, тілдік, модельдік, стильдік, көркемдік дәстүр жалғастығы тұрғысынан сарапталды. Кейбір ежелгі түркі әдеби жәдігерліктері көне түркі әдеби тілінен қазақшаға тәржіма жасалды.

Біз қазақ әдебиетінің қайнар-бастаулары Түрік қағанаты (VIII ғасыр) тұсында өмірге келген «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырларында жатыр деп келдік. Бұл пікір кезінде ғылыми тұрғыдан негізделген тұжырым еді. Алайда мұндай ғажайып жырларды жазуға үлгі-модель болған шығармалар бұрын бар ма еді деген сауал ұдайы ойда тұратын.

Соңғы жылдары түркология ғылымы саласында қол жеткен жетістіктер дәл осы сауалдың жауабын табуға мүмкіндік береді. Ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сақтар мен ғұндар дәуірінің көркем сөз үлгілері: «Алып Ер Тоңға», «Шу» батыр, «Аттила», «Көк бөрі» және «Ергенекон» дастандарының жеке-жеке үзінділерін, фрагменттерін, сюжеттік оқиғаларын ұзақ жылдар бойы іздестіріп, тырнақтап жинап, белгілі бір логикалық жүйеге келтірдік. Соларқылы бізге тек жекелеген үзінділер күйінде ғана жеткен бұл дастандардың өзіндік

сюжеттік қаңқасын қайта құрастырып, яғни реконструкция жасап шықтық.

Сонымен, сақтар, ғұндар дәуірінің қаһармандық дастандары мен қазақтың батырлық жырлары арасындағы мазмұн, түр, стиль бірлігі көркемдік дәстүр жалғастығы тұрғысынан жан-жақты дәлелденді. Сол себепті біздің заманымыздан бұрынғы ежелгі дәуірлерде шығарылған «Алып Ер Тоңға», «Шу», «Аттила», «Көк бөрі» және «Ергенекон» дастандары бүгінгі қазақ әдебиетінің қайнар-бастаулары болып табылады деген тың тұжырым жасалды.

Міне, мұның бәрі аталмыш оқулықтың бұрынғы басылымдарын жаңа ғылыми деректермен толықтыра отырып, бүгінгі күннің биік талаптарына жауап берерліктей жаңа кітап дайындауға тиіс болдық.

Академик Д. С. Лихачев кезінде Л. Н. Гумилевтің ғылыми-зерттеу әдісін жоғары бағалай келіп: «ол IX–XIV ғасырлардағы орыс тарихының қаңқасын қайта жасаудың (реконструкция) ғажайып тәжірибесін ұсынып отыр. Ғалымның қиял көзімен өткенді елестету арқылы, яғни реконструкция тәсілімен көп жәйттердің құпиясын ашуға болады. Ғылымда тек сирек кездесетін деректермен ғана шектеліп қалуға болмайды. Өйткені, тарихи өмірдің өзі деректерден гөрі әлдеқайда бай. әрі сан қырлы болып келеді» – деген еді (120, 7).*

Біз атақты ғалымның осы пікірін зерттеу барысында ескеріп отырдық.

Оқырман қауымға ұсынып отырған осы еңбек соңғы жылдары өмірге келген «Қазақ әдебиеті бастаулары», «Көркемдік дәстүр жалғастығы», «Ежелгі әдеби жәдігерліктер» сияқты бірқатар ғылыми зерттеулеріміз негізінде жазылды.

* Жақша ішіндегі бірінші цифр сілтеме жасалған шығарманың осы кітап соңында берілген әдебиеттер тізіміндегі рет санын, ал екіншісі сол кітаптың тиісті бетін көрсетеді.